

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
үйлестіру кеңесінің отырысының хаттамасы
Онлайн форматта**

Астана қ.

№10

2025 ж. 14.02.,
10.00.
ZOOM

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерін бақылау басқармасының басшысы Садубаева Ә.Н.

Модератор: Кодекс Алиментариус Ұлттық үйлестіруші, м.ғ.д., профессор Қарсыбекова Н.М.

Қатысқандар: (тізім беріледі).

Күн тәртібі:

1. 2024 жылға арналған Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымның жұмысы туралы есебі.

Кодекс Алиментариус Ұлттық үйлестіруші, м.ғ.д., профессор Қарсыбекова Н. М.

2. Тамақ қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеудің өзекті мәселелері. Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жаңа тәсілдері.

ҚР ДСМ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерін бақылау басқармасының басшысы Садубаева Ә.Н.

3. 2025 жылға арналған Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымының жұмыс жоспарын талқылау.

ҚР Кодекс байланыс тұлғасы, м.ғ.к., Толысбаева Ж. Т.

4. Әр түрлі.

1. Баяндамашы м.ғ.д., профессор Н. М. Қарсыбекова 2024 жылғы Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымының қызметі туралы есеп бойынша сөз сөйледі. Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің (ВҰК) мүшелеріне ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау Комитетімен Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымының жұмысы туралы, ҰСО, ДДҰ және ФАО өңірлік және елдік кеңселерінің жұмысымен, Кодекс комитеттеріндегі жұмыс туралы, сондай-ақ өткен кезеңде өткізілген кеңестер мен іс-шаралар туралы ақпарат баяндалды.

2. Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеудің өзекті мәселелері және мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жаңа тәсілдері туралы кеңес мүшелерін ҚР ДСМ СЭБК азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерді бақылау басқармасының басшысы А.Н. Садубаева хабардар етті. КО ТР (КО ТР 024/2011 «Май өнімдеріне арналған техникалық регламент», КО ТР 029/2012 «Тағамдық қоспалар, хош иістендіргіштер және технологиялық көмекші құралдар қауіпсіздігінің талаптары», КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы»), Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізілді. Баяндама қызығушылықпен қабылданды және транс майлар мен диеталық қоспалардың жарнамасын бақылау механизмі туралы пікірталастарды бастады. ҚР СИМ ТРМК үйлестіру орталығы (А.А. Раззаренов) баяндама беру туралы сұрау салды.

3. Кеңес хатшысы 2025 жылға арналған Кодекс Алиментариус ұлттық құрылымның жоспарланған іс-шаралар туралы: ВҮК тоқсан сайынғы отырыстарын өткізу, ұлттық ұстанымды дайындау және CCCF, CCGP, CCNFSDU, SAC сессиясының жұмысына қатысу, мамандардың әлеуетін арттыру саласындағы ынтымақтастықты дамыту, ҰСО сайтында Кодекс Алиментариус бетін тұрақты жаңарту және т. б. туралы хабардар етті.

Сондай-ақ, қайта бекіту үшін Қазақстан үшін «Кодекс Алиментариус» Комиссиясының келесі басым бейіндік комитеттерінің тізімі ұсынылды:

- 1) тамақ өнімдері мен жемшөптегі ластаушы қоспалар бойынша комитеті (CCCF);
- 2) жалпы принциптер бойынша комитеті (CCGP);
- 3) тамақтану және арнайы диеталық өнімдер комитеті (CCNFSDU);
- 4) пестицидтердің қалдықтары бойынша комитеті (CCPR);
- 5) тамақ өнімдеріндегі ветеринариялық препараттардың қалдықтары бойынша комитеті (CCRVDF).

Кеңес мүшелеріне «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ның 10 жылдығына арналған конференция өткізу және осыған байланысты тезистерді ағымдағы жылдың 15 наурызына дейін қабылдау туралы жарияланды. Тезистерді ресімдеу ережелері Кеңестің барлық мүшелеріне берілетін болады. Қазақстан Республикасы Кодекс Хатшылығының Тамақ өнімдері мен жемшөптегі ластаушы заттардың құрамына байланысты Тамақ өнімдері мен жемшөп қауіпсіздігі саласындағы төтенше жағдайларды болжау туралы ақпаратты сұратып, дөңгелек хат алды.

Отырыс қорытындысы бойынша ұсынылды:

1. 2024 жылғы Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымның қызметі туралы есепті қабылдау және бекіту.
2. КО ТР мен ҚР Кәсіпкерлік кодексіндегі өзгерістерді, 2025 жылғы Кодекс Алиментариус ұлттық құрылымның жұмыс жоспарын назарға алсын.


3. «Кодекс Алиментариус» Комиссиясының ҚР үшін басым бейінді комитеттерінің тізімі бекітілсін.
4. Кодекс Алиментариус ведомствоаралық үйлестіру комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.
5. ҚР ДСМ СЭБК және ҚР АШМ ВБҚК тамақ өнімдері мен жемшөптегі ластаушы заттардың құрамына байланысты Тамақ өнімдері мен жемшөп қауіпсіздігі саласындағы төтенше жағдайларды болжау туралы сұрау жіберу.

Басқарма төрағасы



Ә. Садубаева

Хатшысы



Ж. Толысбаева

**Кодекс Алиментаріус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру
кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2025 жылғы 14 ақпан

№	Аты-жөні, лауазымы
1	Садубаева Ә.Н. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерін бақылау басқармасының басшысы
2	Қарсыбекова Н.М. - Ұлттық сараптама орталығының стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің халықаралық ынтымақтастық секторының меңгерушісі
3	Абылкасимова С.А. – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі басқармасының басшысы
4	Әбенова Д.Қ. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринария саласындағы халықаралық ынтымақтастық басқармасының бас сарапшысы
5	Серікбекова А. – «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы
6	Майқанов Б.С. - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
7	Әутелеева Л.Т. - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринарлық санитария кафедрасының қауымдастырылған профессоры
8	Раззаренов А.А. - Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Техникалық реттеу жөніндегі үйлестіру орталығы басшысының орынбасары
9	Ерубәев Т. К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
10	Абдулдаева А.А. - Астана Медицина Университеті жанындағы Е. Д. Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ директоры
11	Байхожаева Б.Ұ. – т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі
12	Лопухин В.В. – «Органикалық егіншілік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры

13	Ж.Т. Толысбаева– Қазақстан Республикасының Кодексінің байланыс пункті, Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің хатшысы
----	--